



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

6. Источник: [khabar.kz/ru/news/Статья «Политика «Трансформация необходима для улучшения качества жизни населения РК»](http://khabar.kz/ru/news/Статья_«Политика_«Трансформация_необходима_для_улучшения_качества_жизни_населения_РК»).21.03.2018
7. Источник: zakon.kz , 21.03.2018
8. Источник: РИА Новости <https://ria.ru/technology/20161110/1481094634.html> , 22.03.2018

ӘОЖ 911.3

## ЕЛІМІЗДЕ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ КЕШЕН РЕТІНДЕ ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНДА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ДЕҢГЕЙІ

**Аубакиров Ерлан Қартайұлы**  
*asemgul\_dream@mail.ru*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 5В090200-«Туризм»  
мамандығының 4 курс студенті  
Ғылыми жетекшісі: Мусабаяева А.К.

Адамдар бір жерден екінші жерге саяхаттау, басқа мемлекеттерді көру, саудасаттықпен айналысу, өзге тілдерді тану, дін мен салт-дәстүрлерін зерттеудің жалпы мағынасын туризмге жатқызады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін туризм жақсы дамып кетті. Ал Қазақстанда даму үстінде.

«Туризм индустриясы мен туризм» түсінігі бір-біріне ұқсас келеді. Алайда, ғалымдар екі қызметке әр түрлі анықтама берді. Туризм индустриясы жалпы көлемді мағына. КСРО кезінде ол терминге П.Г. Олдак келесідей анықтама берген: «Туризм индустриясы – құру немесе сату туризм қызметтерін мекемелер арқылы көрсетеді немесе тұлғаның сұранысын қанағаттандыру қызметін атқаратын экономиканың бір бөлшегі». Төменде кестеде туристік индустрияның 4 бағыты көрсетілген.

Кесте 1 – Туристік индустрияның 4 бағыты

Саяхат	Орналасу	Тамақтану	Демалу
- Ұшақ	- Қонақ үй	- Мейрамхана	- Шипажай
- Круиз	- Жатақхана	- Кафе	- Ойын-сауық
- Кеме	- Мотель	- Бар	- Саябақ-орман
- Автобус	- Сарайшық	- Асхана	- Клуб
- Көлік			- Казино
- Темір жол			- Аттракцион
Е с к е р т п е – кесте ақпараты автормен құрастырылған			

Туристік индустрияның бағыттарының ішінде қонақжайлылық индустриясына жақыны орналасу бағыты – қонақ үй, жатақхана, мотельдер. Сонымен қатар С.Р. Ердаулетов туризм индустриясын толықтай экономика категориясына жатқызды. Ол туризмнің шаруашылық деңгейін анықтайды деп есептеді. В.А. Квартальнов пен И.В. Зоринның айтуы бойынша туризм индустриясының қызметтері экономиканың бөлімдерін, жүйелерін және көңіл көтеру, демалыс функцияларының сұраныстарын қанағаттандырудан тұрады. 1937 жылы ғалымдар «Турист» энциклопедиясын жазған кезде индустрия туралы бір талдау өткізген. Олар туристік индустрияны туристік қызметтер мен тауарларды жақсы айырбастау, базаларды құру, туристік ресурстарды пайдалану білу, өндіре білу, осы іс-әрекеттерді іске асыра алатын ұйымдар жиынтығы және мекемелер деп көрсеткен.

Туризм мен туризм индустриясының ұқсастықтары болса да, айырмашылықтары да бар. Оларды бөлек талдасақ айырмашылығын табуға болады. Мысалы, «Туризм» терминін алсақ, ол саяхат деген мағынаны береді. Саяхат бірнеше жыл, ғасырлардан құрылып келе жатқан түсінік. Саяхатшылар саяхат жасап географияны ашты. Сондықтан біз оны

географияға жатқызамыз. Ал «Туризм индустриясы» терминін географияға емес экономикаға жатқызамыз. Себебі, индустрия сөзі өнеркәсіп, латын тілінен аударғанда «industria» – қызмет деген мағынаны білдіреді. Оны экономикаға жатқызуы – капиталдың сыйымдылығы мен қаржының тұрақтылығы бар масштабты сала [1]. 2-кестеде көрсетілгендей экономикалық салада туризм индустриясының дамуын білу үшін дұрыс және бұрыс жақтарын бөліп, түсіне білу керек.

Кесте 2 – Туризм индустриясының қасиеттері

Дұрыс жақтары:	Бұрыс жақтары:
<ul style="list-style-type: none"> <li>- инвестиция бағдарламаларының өсуі;</li> <li>- туризм саласындағы жұмыстардың өсуі;</li> <li>- білім мен ғылымның дамуы;</li> <li>- әлеуметтік және мәдени инфрақұрылымның өсуі;</li> <li>- қоршаған ортаға әсер ететін антропогендік күштің азаюы;</li> <li>- туризм табысының өсуі;</li> <li>- басқа салалардағы бәсекелестер бар экономиканың өсуі;</li> <li>- техниканың дамуы;</li> <li>- мамандырылған жұмысшылардың көбеюі.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- басқа салалардың туризм экономикасына бағыныштылығы;</li> <li>- техникалық кадрлардың туризм индустриясында азайып қалуы;</li> <li>- өндірісте кейбір салалардың тұрып қалуы;</li> <li>- табыстарды бұрыс жағына үйлестіру;</li> <li>- төрттік кезеңнің өсуі.</li> </ul>
Е с к е р т п е – кесте автормен құрастырылған	

Бұл құрылған кестенің дұрыс және бұрыс жақтары тұрақты емес. Жылдан-жылға статистикасы мен тұжырымдамалары өзгеріп отырады. Ол тек орта қоғамның туризм индустриясындағы экономика орнын зерттеген бір бөлігі. Алда дұрыс жақтары өсу мүмкін, ал бұрыс жақтар азаюы және олардың жаңадан басқа күрделі мәселелері пайда болады.

Қазақстанда туризм индустриясының құрылымын зерттеп бізге ұсынған В.Г. Волошин. Ол елімізге балама тандаудың бірыңғай құрылымын көрсетті. Қазақстанның байлығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Оны туризм саласы арқылы дамыту қажет. Өйткені табиғатымыздың көлемі, климаты, әр түрлілігі және мәдени-тарихи ескерткіштері – еш нәрсемен теңдесе алмайтын байлық. Бұл факторды басты элементке жатқызады. Мәселен, берілген қаражаттың дұрыс бөлінбеуі, үлестірілмеуі, жетіспеушілігі туризмнің дұрыс өспеуіне алып келеді. Ал туризм экономикасын дамыту үшін осы табиғи кешен арқылы мекемелер ашылады. Осы құрылым ойдағыдай дамыса, онда туризм индустриясының жақсы жақтарын атап кетсек:

- елімізде жаңадан туристік идеялар мен саясаттар құрылады;
- жаңа кадрлар көбейеді;
- жұмыссыздық азаяды;
- туризм экономикасы дамиды;
- басқа салалардың саяси, әлеуметтік, демократиялық және т.б. экономикалық мәселелерді шешуге көмегін тигізеді.

Шетелде әсіресе, батыс жақта туризм индустриясын бізден ерте ойластырып, стратегиялық жопарларын 20-25 жыл алға жасап қойған. Ең алғашқы 1980 жылдардан бастап 2000-2025 жылдары экономиканы қалай және немен дамытуға болатынын білді. Олар туризм арқылы көп ұтатынын және басқа экономикалық мәселелердің жойылатынын сол кезден-ақ білді. Сондықтан олар қонақ үйлер мен тамақтандыруды, транспорттық жолдарды, технологияларды енгізіп дамытты. 2020 жылға дейін олардың мақсаттары қалалық, мәдени, табиғи, ойын-сауық, спорттық, эксклюзивті туризмдерді енгізу болды. Ал сол жылға дейін 160 млн туристердің келу санын атап өтті. Туризм индустриясы арқылы өз мемлекеттерін

асырап отыр. Өйткені көптеген басқа салалардың экономикалық мәселелері осы туризм экономикасы арқылы шешіліп жатыр. Жылдан-жылға туристердің саны көбеюде.

Әлеуметтік туризм президенті Ж. Фошenniң айтуы бойынша өз елінің экономикалық қаражатын ұстаудан бөлек, мәдени-әлеуметтік және гуманитарлық аспектілерін туристерге көрсете алмаса, туризм саласын ұзаққа ұстай алмайды. Келешекте дамымайтын, керек емес қоршаған орта болып қалады.

Алайда, жақсы жақтарымен қоса жаман жақтары да бар. Дамыған шетелдердің қазіргі таңға дейін табиғи ресурстардағы мәселелері ерекше орын алып тұр. Зерттеушілердің айтуы бойынша 50 жылда орман қорының жартысы жойылған. Табиғи ресурстар шығынға ұшырауда. Сирек жануарлар мен өсімдіктер жойылып жатыр. Жарты Азия, Еуропа, Америка, Африка жерлерінде су қоры азаюда, ғаламшарымыз құрғақтануда. Осы мәселелер қазіргі таңда өте маңызды. Туризмнің экономикасының шығындануынан бұрын халықтың өмір сүру деңгейі мен ұзақтығы нашарлауда [2].

Қазақстан үшін жеткілікті рекреация, ол – тарихи және спорттық туризм ресурстары. Бізде басқаларға қарағанда кең байтақ даламыз бар. Қаладан тыс орман табиғаттарымыз әзірше аман. Сол біздің маңызды байлығымыз. Тек бізге керегі сол әсем табиғаттарға шипажай немесе демалыс сауықтыру мекемелерін салу. Ол біріншіден, адамның денсаулығына пайдалы, екіншіден, таза табиғатымызға қызығатын туристер көп келеді. Алайда, Қазақстанда ол жағынан инвестиция аз. Өйткені бағдарламаның жоспарлары жоқ және транспортымыздың нашар құрылуы. Сервистің нашарлығы және керекті құрал-жабдықтар жоқтығынан шетелден сатып алу үшін екі есеге шығынданады.

Туризм индустриясының экономикасы жалпы үш шарттық мекемелерге бөлінеді:

- туристерге мәдени-танымдық, тарихи, сауда-саттық қызмет көрсететін мекемелер;
- туристерге маршруттар арқылы экскурсиялық-таным қызмет көрсететін мекемелер;
- туристерге техникалық материалдардың даму деңгейін және шикізат пен еңбек құралдарын дайындайтын мекемелер [3].

Туристік индустрияда ресурстар арқылы туристік мекемелер салынады. Қызмет атқарғанда міндетті түрде маусымдық қасиет болады. Талаптарға сай инфрақұрылым тек жоғарғы деңгейде дамуы тиіс.

Сонымен Қазақстан туризм инвестициясын дамыту үстінде. Соған орай, бірнеше міндеттер атқаруда: инвестицияның қазіргі жаңа деңгейде моделін бейімдеу, жаңа 2017-2050 бағдарламасын туристік бизнес-жоспар құру, оны жетілдіру, жаңадан мекемелер, өнеркәсіптер ашып қоршаған ортаның көзқарасын өзгерту. Осы арқылы біздің туризм дамытылса, экономикамыз жақсарады және халықтың әлеуметтік жағдайы, ойлау қабілеті артады, қоршаған әлемге деген көзқарасы өзгереді.

Қазақстанда қонақжайлылық индустриясы ең мықты өңірдің шаруашылық жүйесі және туризм экономикасының маңызды құрамдас бөлігі. Біздің елімізде «қонақжайлылық» ұғымы қонақтарға жылы қарау, кеңпейілділігін көрсету деп түсіндіріледі. Ал қазіргі таңда қонақжайлылық бұл жаңа өркениет ұғымының бірі. Уақыт пен прогресс арқасында кәсіпқойлар үшін миллиондаған жұмыс жасайтын орын мен туристерге жақсы демалатын жерді қамтамасыз ететін қуатты индустрияға айналды. Қонақжайлылық индустриясы демалыс, ойын-сауық, қонақ үй және мейрамханалық бизнес, қоғамдық тамақтану, экскурсиялық қызмет, көрмелер ұйымдастыру және өткізу, әр түрлі ғылыми конференциялар, туризмнің әр түрлі қызмет саласын қамтиды. Осылайша бұл сала туристерге демалу үшін қолайлы жағдайлар жасаумен айналысатын еңбек қызметінің кешені.

Астана бүгінде ірі ұйымның өте жақсы мысалдары мен маңызды оқиғаларын көрсетеді. Жақында ЭКСПО-2017 көрме дирекциясы Астанаға 100 шетелдік туроператорларды шақырды. Бұл бұрын соңды болмаған үлгі. Соңғы 20 жылда Қазақстан біздің туристік мүмкіндіктерді көрсету үшін бес туроператорларды алып келе алмады. Бұл 100 туроператорлар қазірдің өзінде Қазақстанды зерттеп, бірінші кезекте Астананың ынтымақтастығымен танысып жатыр. Дәстүрлі түрде дүние жүзінде туроператорлар мен

турагенттер қонақ үйдің негізгі сатушылары болып табылады. Қазір Астаналық қонақ үйлерге өзара іс-қимыл бастауға маңызды назар аударған жөн. Шетелдік туроператорлардың өзі Астанада қандай қонақ үйлер бар және олардың сапасы мен құны туралы хабардар болуы қажет. Ал девальвация жоғарлаудың арқасында оларға біз арзан елдің бірі болып тұрмыз. Біздің қонақ үйлер бұл уақыт ең керемет мүмкіндік екенін біледі.

Біз бір мәселеге назар аударуымыз қажет. Ірі халықаралық көрме арқылы өз қызметтерін жылжытуға әр түрлі қарауға болады. Әрине бұл маркетингтің басты каналы болмауы тиіс. Ол шығын алып келеді. Бірақ мемлекетіміз өз жерімізде орналастыруға мүмкіндік береді. Өкінішке орай, біздің қонақ үйлер мемлекетіміздегі ірі көрмелерге аз қатысады. Ал Берлин, Лондон, Жапония өзге елдер қонақ үйлерінде, өз қызметтерін ұсынады.

Мемлекетіміз тәуелсіздігінің 25-жылдық мерейтойы болды. Бұл уақытта Республиканың қонақжайлық индустриясында және оның құрылымында үлкен өзгерістер болды. Бұл еліміздің астанасына үлкен қатысы бар. Кейін 1998 жылы елорданы Астанаға көшіру туралы Қазақстан басшылығымен шешім қабылдағанына орай, қонақ үй индустриясын іс жүзінде нөлден бастап жаңадан құруға тура келді. Өйткені қалыпты қонақ үйлер іс жүзінде болған жоқ. Астана өте қысқа уақытта керемет қонақ үй инфрақұрылымын жасауға болатындығын ерекше дәлелдейтін үлгі көрсетті. Халықаралық қонақ үйлер желісі елімізге және оның жас астанасына айтарлықтай қызығушылық танытты. Бүгін Қазақстанда ондаған ірі әлемдік брендтерден халықаралық желілердің тоғызы ұсынылған ,оның ішінде бесеуі Астанада.

Ұзақ уақыт бойы Астана Алматыдан қалып жүрді. Өйткені бұл жылдары Оңтүстік Қазақстан нарығы қарқынды дамыды. Бірақ қазір брендтердің саны, құрылыс көрсеткіштер масштабы бойынша теңелді. Соңғы жылдардағы көрсеткіш бойынша 3-кестеге сәйкес Астана қаласында қонақ үйлердің нөмірлер саны артуда, жататын орын мен нөмірдің құны да жоғарылауда.

Кесте 3 – Астана мен Алматы қонақ үй бизнестерінің қазіргі 2016-2017 жылдардағы салыстырма деңгейі

Көрсеткіштер	Астана	Алматы
Орташа жіктеу, %	31,2	29,9
2016-2017 ж. салыстырма өзгерісі (+, -)	-16,8	-1,8
1 нөмірдің құны, \$	16,5	16,2
2016-2017 ж. салыстырма өзгерісі (+, -)	28,8	10,6
Жататын орынның құны, \$	78	57
2016-2017 ж. салыстырма өзгерісі (+, -)	27,9	10,7
Е с к е р т п е – кесте автормен құрастырылған		

Жалпы бұл ең серпінді дамып келе жатқан экономикалық сектор. Адамдар қызмет инфрақұрылымын қаржыландыра бастады. Ал қызмет сапасы – мемлекеттің даму деңгейі көрсеткіштерінің бірі. Әрине Астанада бұл салада күрделі мәселелер бар: қонақ үйлер өте жас, кәсіпорынға білікті кадрлар жетіспейді. Бірақ Астанада бұл қонақ үйлер деңгейі біршама жақсарды. Сонымен қатар, іскерлік туризмді ұлғайтуды көздеуде. Өйткені астаналық қонақ үйлердің басты тұтынушылары шетелдік және отандық бизнесмендер, сондай-ақ қазақстандық мамандардың іс сапарға келу деңгейі артты. Бұрын біздер туыстар мен достардың үйінде түнегенді қалайтынбыз. Бірақ көптеген талдау қорытындылары бойынша көп адамдар қонақ үйде түнегенді қалайды.

Қонақжайлылық индустрия секторы әр түрлі сегменттерді қамтиды. Астанада халықаралық желілерге де жататын 5 жұлдызды жоғары дәрежедегі қонақ үйлер сегменті жақсы ұсынылған. 4-жұлдызды қонақ үйлерде бар, бірақ өкінішке орай аз. Алайда ол 3-жұлдызды қонақ үйлерден сәл көп. Ал пайыздық қатынаста негізгі бөлікті «санаты жоқ»

қонақ үйлер құрайды. Сондықтан санаты жоқ қонақ үйлер көп болғандықтан 5-жұлдызды қонақ үйлерден аса мықты болу керек.

Басқа да қарқынды дамып келе жатқан сектордың орналастыру құралдарының бірі – хостельдер. Ол жастар немесе студенттерге эконом-класс қызметтерін көрсетеді. Қазір кәсіпкерлер оған үлкен көңіл бөлуде. Өйткені, бүгін визасыз келуге болатын 20 мемлекеттің шетел азаматтарына әсіресе, жастарға, хостельде орналасуға тиімді. Қазіргі жастарымыз не қалайды?! Әрине, арзан хостельдер.

Қонақ үй бизнесінің дамуындағы кез келген қаланың жергілікті әкімшілігі үлкен рөл атқарады. Бұл ретте Астана қаласы әкімдігі елордада құрған «Астана Конвеншн Бюро компаниясы» (Astana Convention Bureau) үлкен көңіл бөлуге тұрарлық, қала туризмін дамыту үшін арнайы ұйымдастырылған. Қазір компания қалаға көрмелер, форумдар, симпозиумдарды өткізуді тартумен, қонақ үй бизнесін дамыту мәселелерімен белсенді айналысады және жұмыс істейді. Қонақ үй қызметтер сапасын жақсарту үшін жоғары қызығушылықтардың бар екеніне көз жеткізуге болады.

Болашаққа – үлкен үмітпен!

Біз сенімдіміз, қазіргі дағдарыс жағдайына қарамастан қазақстандық қонақ үйлердің жағдайы жыл өткен сайын жақсара бастайды. Бұған көптеген себептер бар. Кәсіпкерлік нарықтың қызығушылығы арта түсті. Мемлекеттік деңгейдегі Универсиада мен ЕХРО сияқты оқиғалар бізге жүктеуді арттыруға мүмкіндік береді және біздің кәсіпорындарға табыс алып келеді. Екінші жағынан, әлбетте, егер Қазақстанның қонақ үй нарығы тек қонақ үйлер мен туристік өнімдерді жарнамалайтын болса, онда біздің бір жақсы нәтижелерге қол жеткізуіміз екіталай. Біз үміттенеміз, Астана қонақ үй көшбасшылары бұл жолда алда жүреді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 <http://www.Malimetter.kz> Туризм дамыту проблемасына теориялық негіздеме (қаралған күні: 23.02. 2017).
- 2 <http://www.studfiles.ru/preview/> Казахский национальный университет им. аль-Фараби. Туризм индустрия. – Алматы, 2015-2016 (қаралған күні: 24.02. 2017).
- 3 Муталиева Л.М. Қазақстанның қонақ үй және мейрамхана нарығы: заманауи жағдайы, беталыстары мен маркетингтік аспектілер. – Алматы, 2013. – 7-11 бет.

ӘОК 338.46

### **ТУРИЗМ ЖӘНЕ ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ**

**Аубакирова Дария Ержанқызы**

[aubakirovade@mail.ru](mailto:aubakirovade@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» мамандығының

4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Б. Баймбетова

Қазіргі кезде қонақжайлылық индустриясы басқа салалармен салыстырғанда ең жоғары қарқынмен даму сатысындағы индустрия. Туризм индустриясы ол қызмет инфрақұрылымының барлық формаларына кіретін көңіл көтеру мен демалуда, табиғаттағы рекреациялық байлыққа сүйене отырып, тұтынушылардың қажеттілігін қанағаттандыруға негізделген көпқырлы қызметтердің жүйесі. Туристік кәсіпорындардың ресурстарға байланысты орнығуы мен маусымдылығына байланысты қызмет көрсетуде жоғары қаржы мен инвестициялауға негізделіп отыр. Туризм индустриясы туризмге байланысты қызметті жасау мен сатуға байланысты маманданған қызмет көрсетуге бағытталған кәсіпорындармен